

ФИЛОСОФИЯ, ДІНТАНУ

ӘОЖ 2:008:37; МҒТАР 21.41.63.

<https://doi.org/10.47526/2021-4/2664-0686.17>С.Б. ОСПАНОВА¹, А.С. ҚАБЫЛОВА²✉¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты(Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.), e-mail: salta_777@list.ru²философия ғылымдарының докторы, профессор

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

(Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.), e-mail: kabyl72@mail.ru<https://orcid.org/0000-0002-2455-103X>

ЖЕТІСУДЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІНІҢ ДІНИ ТУРИЗМДІ ДАМУДАҒЫ ӘЛЕУЕТІ

Аңдатпа. Ұсынылып отырған мақала Алматы облысының Қаратал, Көксу өңірлеріндегі киелі орындардың сакралды туризмді дамытудағы әлеуетін көрсетеді. Себебі, аймақтың бай тарихы, аймақта өмір сүрген белгілі тұлғалардың өмірі мен шығармашылығы – бірегей мәдени және діни көрікті жерлердің әлеуетін ашуға, халықты дәстүрлі құндылықтармен таныстыруға, патриотизм мен гуманизмге, рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеуге көмектеседі. Кіріспеде тақырыптың өзектілігі, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүргізіліп жатқан жұмыстар, зерттеудің негізгі мақсаты баяндалады. Зерттеу барысында қолданылған далалық зерттеудің әдістері, ақпаратты жинау әдіснамасы көрсетіледі. Сонымен қатар діни туризм феноменіне ғылыми қызығушылық тренді мәселесі қарастырылады. Отандық, ресейлік, шет елдік ғалымдардың осы тақырып аясында жүргізілген зерттеулерінде, ғылыми жарияланымдарында қандай мәселелердің көбіне көтеретіндігі туралы мағлұмат беріледі. Негізгі бөлімде Жетісу өңірінің Қаратал аймағында орналасқан бірқатар киелі жерлерге жүргізілген далалық зерттеудің нәтижесі баяндалады. Ескелді би, Балпық би, Айту би, Қарымбай әулие және Жолбарыс батыр сынды билердің кесенелерінің қазіргі жағдайы, оларға келушілердің саяхат мотивтері зерттелді. Мақала жазу барысында өңірлік авторлардың тарихи тұлғаларға арналған аңыз, әңгіме, деректерді қамтитын жинақтары кеңінен қолданылды. Қорытынды бөлімде зерттеу нәтижесінің қорытындысы шығарылып, негізгі тұжырымдар келтірілді. Аталған туризм түрін дамытуға қолайлы жағдайлар жасау үшін басымдықтарды қай мәселелерге бағыттау туралы ұсыныстар жасалды.

Кілт сөздер: рухани жаңғыру, киелі жерлер, сакралды Қазақстан, діни туризм, кесенелер, тарихи-мәдени мұра.

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Оспанова С.Б., Қабылова А.С. Жетісудың киелі жерлерінің діни туризмді дамытудағы әлеуеті // *Ясауи университетінің хабаршысы.* – 2021. – №4 (122). – Б. 197–207. <https://doi.org/10.47526/2021-4/2664-0686.17>

***Cite us correctly:**

Ospanova S.B., Qabylova A.S. Zhetisudyn kieli zherlerinin dini turizmdі damytudagy aleueti [The Potential of the Sacred Places of Zhetysu in the Development of Religious Tourism] // *Iasauı universitetinin habarshysy.* – 2021. – №4 (122). – B. 197–207. <https://doi.org/10.47526/2021-4/2664-0686.17>

S.B. Ospanova¹, A.S. Kabylova²

*¹Master student of L.N. Gumilyov Eurasian National University
(Kazakhstan, Nur-Sultan), e-mail: salta_777@list.ru*

*²Doctor of Philosophical Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University
(Kazakhstan, Nur-Sultan), e-mail: kaby172@mail.ru*

The Potential of the Sacred Places of Zhetysu in the Development of Religious Tourism

Abstract. The proposed article reflects the potential of sacred places in the Karatal and Koksus regions of the Almaty region in the development of sacred tourism. After all, the rich history of the region, the life and work of famous personalities who lived in the region help to unlock the potential of unique cultural and religious attractions, introduce the population to traditional values, foster patriotism and humanism, spiritual and moral qualities. The introduction outlines the relevance of the topic, the work carried out within the framework of the «Rukhani Zhangyru» program, as well as the main purpose of this study. The methods of field research used in the course of the study, the methodology of information collection are indicated. The problem of the trend of scientific interest in the phenomenon of religious tourism was also considered. Information was given about the issues that affect domestic, Russian, and foreign scientists within the framework of this topic. The main part presents the results of field studies of a number of sacred sites located in the Karatal region of Semirechye. The current state of the mausoleums of Eskeldy bi, Balpyk bi, Aitu bi, Karymbai aulie and Zholbarys batyr, the motives of visitors' travels have been studied. When writing the article, collections of regional authors containing legends, stories, facts dedicated to historical figures were widely used. In the final part, the results of the study are summarized and the main conclusions are presented. Proposals have been developed on which issues to prioritize in order to create favorable conditions for the development of this type of tourism.

Keywords: spiritual revival, holy places, sacred Kazakhstan, religious tourism, mausoleums, historical and cultural heritage.

С.Б. Оспанова¹, А.С. Кабылова²

*¹магистрант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева
(Казakhstan, г. Нур-Султан), e-mail: salta_777@list.ru*

*²доктор философских наук, профессор
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
(Казakhstan, г. Нур-Султан), e-mail: kaby172@mail.ru*

Потенциал сакральных мест Семиречья в развитии религиозного туризма

Аннотация. Предлагаемая статья отражает потенциал сакральных мест в Каратальском, Коксуском регионах Алматинской области в развитии сакрального туризма. Ведь богатая история региона, жизнь и творчество известных личностей, живших в регионе, помогают раскрыть потенциал уникальных культурных и религиозных достопримечательностей, приобщить население к традиционным ценностям, воспитать патриотизм и гуманизм, духовно-нравственные качества. Во введении излагается актуальность темы, проводимая работа в рамках программы «Рухани жаңғыру», а также основная цель данного исследования. Указываются используемые в ходе исследования методы полевых исследований, методология сбора информации. Также была рассмотрена проблема тренда научного интереса к феномену религиозного туризма. Была дана информация о вопросах, которые затрагивают отечественные, российские, зарубежные ученые в рамках данной темы. В основной части излагаются результаты полевых исследований ряда сакральных мест, расположенных в Каратальском регионе Семиречья.

Изучено современное состояние мавзолеев Ескельды би, Балпык би, Айту би, Карымбай аулие и Жолбарыс батыра, мотивы путешествий посетителей. При написании статьи широко использовались сборники региональных авторов, содержащие легенды, рассказы, факты, посвященные историческим личностям. В заключительной части подведены итоги исследования и приведены основные выводы. Выработаны предложения о том, на какие вопросы направлять приоритеты для создания благоприятных условий для развития данного вида туризма.

Ключевые слова: духовное возрождение, святые места, сакральный Казахстан, религиозный туризм, мавзолеи, историко-культурное наследие.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы қоғамдық ортада үлкен резонанс тудырған, халықтың рухын оятқан әсерлі дүние ретінде қабылданды. Қазір «Рухани жаңғыру» бағдарламасы – мәңгілік елдің ұлттық мұратына айналып, қоғамдық сананы жаңғыртудың, бірегейлікті сақтаудың, азаматтар санасының ашықтығының маңыздылығын атап көрсетуде [1]. Аталған бағдарламалық мақалада: «біз халықтың санасына одан да маңыздырақ – жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз керек. Ол үшін «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы керек. Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі. Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ, осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген. Біз тарихымызда осынау көркем, рухани, қастерлі жерлеріміздің біртұтас желісін бұрын-соңды жасаған емеспіз. Мәселе еліміздегі ескерткіштерді, ғимараттар мен көне қалаларды қалпына келтіруде тұрған жоқ. Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді. Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды», - деген еді [2]. Осы орайда, елімізде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру бүгінгі кезеңде археологиялық және тарихи-географиялық зерттеулерді жүргізумен ғана шектеліп қоймай, Қазақстанның қасиетті, киелі саналатын жерлерін туристік маршруттарға енгізу арқылы бүкіл әлемге танымал ету көзделген.

2017 жылдан бері «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қазақстанның сакралды географиясы» ұлттық жобасы іске асырылуда. Бұл жобаның негізгі мақсаты – елдің барлық халқын біріктіретін жалпыұлттық рухани киелілерге, мемлекеттің ортақ рәміздеріне назар аудару. Ұлттық бірегейлікті, мәдени-генетикалық кодты сақтау, өңірлік тарихты зерделеу, мәдени-тарихи ескерткіштерді, жергілікті ауқымдағы мәдени объектілерді қалпына келтіру – өңірлердің мәдени-тарихи және туристік әлеуетін дамытудың басымдықтары болып табылады.

Ұсынылып отырған зерттеудің мақсаты Алматы облысындағы сакралды туризмнің даму әлеуетін бағалау. Бұл өз кезегінде Жетісу жеріндегі киелі нысандардың орналасқан аумақтарының ерекшелігін бөліп көрсетуге, сондай-ақ олардың нақты даму әлеуетін анықтауға, қандай да бір артықшылықтар немесе проблемалық жағдайларды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл ретте, Алматы облысы тарихи-мәдени ресурстар, ескерткіштер мен тарихи-мәдени мұра объектілерінің көп шоғырлануы, елді мекендерге жақын орналасуы тұрғысынан сакралды туризмді дамыту үшін үлкен әлеуетке ие екендігін байқаймыз. Себебі,

облыс аумағы рухани әлеуетті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін «киелі», «қасиетті» саналатын орындардың көптігімен ерекшеленеді. Қасиетті жерлерге, ең алдымен киелі деп саналатын табиғи ландшафтар – тау жоталары мен жекелеген тау шындары, үңгірлер мен шатқалдар, ормандар мен қопалар, өзендер мен бұлақтар, көлдер мен шалғындар жатады. Екіншіден, ол – халықтың тарихында ерекше орын алған, өзінің батырлық ерліктерімен көзге түскен белгілі бабаларымыздың мазарлары. Үшіншіден, бұл – ғылымда соңғы онжылдықта ашылған көрнекті тарихи және археологиялық ескерткіштер орналасқан жерлер [3, 5-б.]. Мақалада осы көрсетілген екінші топтағы, яғни ел тарихында өшпес ізі қалған тұлғалардың кесенелері туралы баяндалады.

Зерттеу әдістері

Ұсынылып отырған мақаланы зерттеу барысында Жетісудың киелі жерлеріне далалық зерттеу жүргізіліп, бақылау, сұхбат сияқты әдістер қолданылды. Отандық және шет елдік авторлардың еңбектері негізге алынды.

Талдау мен нәтижелер

Діни туризм феноменіне ғылыми қызығушылық тренді

Жалпы киелі жерлер мәселесін зерттеу барысында қасиетті нысандардың адам мен қоғам өміріндегі рөлі – мәдениеттану, дінтану, философия, география, тарих сынды бағыттардың қиылысындағы тақырыптардың бірі екендігіне негізделу керек. Бұның бірден бір мысалы «сакралды» немес «діни» туризмнің әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде бірнеше пәнаралық зерттеулердің тақырыбына айналуы болып табылады. Соңғы жылдары ғылыми қоғамдастық тарапынан «сакралды туризм», «діни туризм» мәселелеріне деген қызығушылықтың артуы маңызды тренд болып табылады. Бүгінгі таңда Web of Science ғылымометриялық базасында жүзден астам мақалалар бар, жыл сайын туризмнің бұл түріне арналған ұжымдық монографиялар мен тақырыптық басылымдар жарық көруде. Бұл діни туризм құбылысына деген қызығушылықтың артуын, осы тақырыптың ғылыми ортадағы өзектілігін көрсетеді.

О. Афанасьев пен А. Афанасеваның зерттеуі бойынша, ағылшын тіліндегі әдебиеттерді талдау соңғы онжылдықтағы ғылыми жарияланымдарда көтерілген мәселелердің келесі топтарын анықтауға мүмкіндік береді:

- «туризм» және «қажылық» ұғымдарының өзара байланысы туралы даулар;
- діни туризмдегі туристік ынталандыру мен туристік әсерді анықтау тәсілдері;
- мәдени туризмді ұйымдастырудың мәдени-тарихи ерекшеліктері: тұтастай алғанда және жеке конфессиялар, этникалық топтар мен аймақтар мысалында, сондай-ақ зайырлы қажылық мәселелері;
- діни туризмнің экономикалық және маркетингтік мәселелері;
- діни туризм және туризм философиясы дін ретінде. Бұл ретте киелі орындар мен оның географиясы туралы зерттелген еңбектердің қатарына келесі авторлардың зерттеулерін айтуымызға болады: Gisbert Rinschede «Forms of religious tourism», Raj, R., Griffin, K., & Blackwell, R. «Religious Tourism and Pilgrimage Management: An International Perspective», Nilsson M., Tesfahuney M. «The post-secular tourist: Re-thinking pilgrimage tourism», Olsen D. A «Scalar Comparison of Motivations and Expectations of Experience within the Religious Tourism Market», Palmer C., Begley R., Coe K. «In defence of differentiating pilgrimage from tourism».

Орыс тілді әдебиеттерде діни туризмнің жекелеген нысандарына, ел аймақтарындағы діни туризмнің даму ерекшеліктеріне, діни туристік және экскурсиялық маршруттардың қалыптасуы мен дамуына, сондай-ақ қасиетті жерлерге туристік сапарларды ұйымдастырудың заңды мәселелеріне көбірек көңіл бөлінеді. Атап айтсақ, А.П. Забияконның «Сакральное» және «Категория святости. Сравнительное исследование лингворелигиозных традиций» еңбектері, Горбатовский В.В. «Сакральные места России», Луговский В. «О

природе сакрального», Овсянников В.П., Якунин В.Н. «Религиозный туризм как механизм поддержания духовно-культурных процессов на уровне регионального социума», Житенев С.Ю., Новиков В.С., Путрик Ю.С. и др. «Современное состояние религиозного туризма и его социальная роль в России и за рубежом» (аналитический обзор) еңбектерін келтіруге болады [4].

Отандық зерттеушілерге келетін болсақ, бүгінгі таңда Қазақстанның киелі жерлеріне кешенді зерттеулер жүргізілуде. Оның ішінде, Ә. Марғұлан атындағы Археология институты, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, «Шоқан жұлдыздары» қоғамдық бірлестігінің далалық зерттеулерін, құнды тарихи ескерткіштерді тапқан Ә. Марғұлан, Қ. Қадырбаев, С. Ақынжанов, М. Меңдіқұлов, З. Смашев, А. Астафьев, Қ. Сыдықов сынды ғалымдарды, Қазақстанның киелі жерлері бойынша жеке шығарылған К.М. Байпақовтың «Исламская археологияская архитектура и археология Казахстана», Е. Смағұловтың «Очерки по истории и археологии средневекового Туркестана», М. Орынбековтың «Генезис религиозности в Казахстане», А. Мамраимовтың «Священные места на великом шелковом пути», Ә. Мүминовтың «Эпиграфика, петроглифы, Маңғыстаудың тарихи-мәдени ескерткіштері», «Қазақ халқының рухани құндылығы: дәстүрлі мәдениетті сақтаудағы ұсиетті орындардың рөлі мен маңызы», Т.Х. Ғабитовтың «Қазақстанның мәдени ескерткіштері» еңбектерін айту орынды [3, 17-23 б.].

Қаратал өңірінің киелі мекендері

Киелі мекендерге айналған, халқымыздың жазба және ауыз әдебиеттерінде, қолжазба шежірелерінде, халықтың тарихында ерекше орын алған, өзінің ерекше ерліктерімен, қасиеттерімен көзге түскен белгілі әулие, әмбилердің зираттары облыс аймағында баршылық. Қазіргі таңда осындай жерлерде кесенелер салынып, ескерткіштер орнатылып, халық жиналатын орындарға айналған. Әулиелерге немесе әулие сынды батыр бабалардың аруақтарына қиындық кездерде табынуы, құдайылық жасап, сиыну біздің халқымызда бағзы заманнан бар дәстүр. Кезінде Төле би: «Әулиелік беталды адамдарға таңыла бермейді, ісі таза, сөзі әділ, халық қамқоршысы болған адамдарға таңылады», - деген екен. Мәселен, ертегілер мен эпостық жырларда бір перзентке зар болған ата-аналар немесе жалғыздан жапа шеккен жандар «қорасанға қой айтып, әулиеге ат айтып» тіршілігінде елге пана болған ерлердің бейіті бастарына ат артып, тон тоздыра жетіп, түнеп, зар-мұңдарынан айығып кеткендері айтылады [4, 27-б.].

Осындай сакралды туризмді дамытуға негіз болатын, ресурстық дайындалған маршруттарының жарқын мысалы ретінде Алматы облысының солтүстік бөлігіндегі Қаратал және Көксу аумақтық-әкімшілік бірліктерінің өңірлерінде орналасқан киелі саналатын әулиелердің мазарларын айтуымызға болады. «Қадам сайын әулие, барлығына табындым» деген өлең жолдары Жетісудың Қаратал өңірінің де сыр-сипатын аша түскендей. Расымен, Қаратал аймағы қасиетті әулиелер мен жаугершілік заманда шашақты найза, көк семсерді серік еткен батырлар, дуалы ауыз билердің мекені. Атап айтсақ, Ескелді би, Балпық би, Айту би, Қарымбай би мен Жолбарыс батыр әулиелерінің кесенелері тұрғылықты тұрғындар мен еліміздің түрлі облыстарынан келетін келушілер үшін ғибадат ететін белгілі бір қажылық маршрут көзіне айналған.

Қасиетті мазарларға арналған кесенелер 1990-шы жылдары демеушілер мен мәдени қоғамдастықтың қаражаты есебінен салынған болатын. Белгілі әулиелердің кесенелеріне тек ел ішінен ғана емес, жақын шет елден де келетіндер жоқ емес. Мазарларды зиярат етушілер қатарында әулиелер рухына тағзым етушілер, сәби сүйгісі келетін әйелдер, науқас адамдар мен дерттен айығуды аңсаған жандар бар. Нысандарға ғибадат ету барысы әулиенің жерлеу орнын аралап, садақа немесе жеті нан қалдырумен, кез-келген жануарды құрбандыққа шалумен, қасиетті нысандарда түнеумен және басқа да салт-дәстүрлермен сипатталады. Негізінде қасиетті жерде түнеу – мұсылмандық кезеңнен келе жатқан ескі қазақ ғұрпы.

Сонымен қатар, барлық қонақтар кесененің жанында арнайы жабдықталған жерде ас әзірлей алады. Құрбандық шалу көбінесе басқа ғибадат етушілер және туристермен бірге бірлесе тамақтанумен жалғасады. Ал тамақтану барысында қызмет көрсету ерікті негізде өзара көмекпен сипатталады.

Бұл қалыптасқан маршрут Қаратал ауданындағы Ескелді би ауылының жоғарғы жағындағы Қызылжар өңірінде орналасқан Ескелді би кесенесінен бастау алады (1-сурет).



1-сурет – Ескелді би кесенесі

Жылкелдіұлы Ескелді би (1696–1770 жж.) – Жетісудың атақты ақындары Сүйінбай мен Бақтыбайдың жырларына арқау болған, Абылай ханның үзеңгілесі, халық арасында көсемдігімен, сөз бастаған шешендігімен аты аңызға айналған тұлға. Жоңғар шапқыншылығы кезінде көптеген қанды соғыста ерлік көрсетіп, өз халқының бостандығы үшін батырлығымен еске қалған.

1992 жылы 8–9 қазанда Ескелді бидің 300 жылдығына арналған мерейтой республикалық деңгейде өткізіліп, ұрпақтары ескерткіш күмбез тұрғызған. 2015 жылы тарихи жәдігер қайта жөндеуден өткен. Ескелді бидің әулиелік, көріпкелдік қасиеттері туралы да аңыз әңгімелер баршылық. Соның бір мысалы Ораз Исмаиловтың «Ел жүрегіндегі Ескелді би» атты кітабында баяндалған ғалым, химия ғылымдарының докторы, профессор Е.Е. Ерғожинның анасының біраз жыл бала көтермей, осы әулие басына түнегенде түсіне бір Ата келіп, бата бергендігі айтылады [4, 156-б.]. Осы сынды Ескелді бидің киелілік қасиеттері баяндалған оқиғаларды кесененің шырақшысынан, сол аймақ тұрғындарынан да естуге болады.

Қазіргі таңда Ескелді би кесенесі Алматы облысындағы туристік нысандарды халыққа жаңа заманауи форматта таныстыру мақсатында құрылған «Tagihі jol» мобильді қосымшасына да енгізілген (2-сурет). Яғни, бұл қосымша ұялы телефон арқылы белгіленген QR-код немесе қосымша арқылы Ескелді би туралы қосымша ақпарат алуға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда қосымша әлі де толықтыру үстінде секілді, өйткені киелі нысандар туралы ақпарат бар болғанымен, мәлімет аз қамтылған.



2-сурет – Ескелді би кесенесінің ауласында орналасқан «Tarihi job» қосымшасына сілтеме көрсетілген тас

Ескелді бидің кесенесінен шыққан жол Айту бидің кесенесіне жол тартады. Жаубасарұлы Айту би (1746–1790 жж.) – ділмәр шешен, Балпық бидің шәкірті. Айту би жастығына қарамастан ел ішіндегі талай мәселелерді ушықтырмай, тігісін жатық етіп шешуге қатысқан. Қашанда ақ сөйлеп, әділ айтқан билік шешімдері қара халықтың көкейінен шыққан. Айтудың білгірлігі мен әділдігіне риза болған Балпық би оған «Айтудан айтар сөз артылмаған» деп баға берген [5]. Оян ауылына кіреберіс сол жақ қапталда өзіндік сәулет-құрылыстық шешімі бар жаңа үлгіде салынған Айту би кесенесі екі ғасыр бұрын салынған бейіттің басына көтерілген. Кесене қабырғасында ескерткіш туралы ақпарат алуға мүмкіндік беретін QR-код орнатылған.

Дарытқан ойға қуат, бойға дарын,
Қайта оралған қасиет бағаларым.
Үш ғасыр биігімен ұштасып тұр,

Ескелді, Балпық, Қабан бабаларым, - деп Алматы облысының тумасы, ақын-жазушы Н. Бектеміров жырлағандай [6], Көксу өңірінде келушілерді тартатын тағы бір нысан – Балпық би кесенесі. Кесене Үштөбе-Калпе тас жолында, Оян ауылының артында (Қаратал ауданы) орналасқан. Балпық әулиенің есімі Жетісу жұртшылығына кеңінен таныс. Балпық би Дербісәліұлы – қазақ батыры, би, XVIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығына қарсы күреске қатысушы. Қабан жырау, Ескелді би сынды батырлармен бір дәуірде өмір сүрген Балпық би көсемдігімен, шешендігімен, сәуегейлігімен, қол бастаған батырлығымен тарихта есімі қалған.

Бидің әулиелік қасиеті туралы ел арасында мынадай аңыз тараған. 1820–1830 жылдары Түркістан-Сібір теміржолының құрылысы кезінде Балпық бидің қабірін бұзу туралы мәселе көтеріледі. Құрылыс жобасы бойынша түп-түзу келе жатқан теміржол құрылысы Балпық бидің зиратына келгенде көптеген қиындықтарға тап келеді. Тура сызба бойынша зират үстінен теміржолды жүргізуге қанша талпынғанмен, жұмыс алға баспай, сол кезде зират қараушысы Ахметше Құрманбековтың Түрксіб учаскесінің құрылыс инженеріне құрылыс аумағын өзгерту туралы өтінішінен кейін, көп ұзамай жол учаскесін салу жоспарлары

түзетілген. Қазіргі уақытта теміржол тармағы кесенеден шамамен 100–150 м қашықтықта өтеді (3-сурет) [7, 105 б.].



3-сурет – Балпық би кесенесі

Көксудың бойында орналасқан, Ескелді, Балпық, Айту билердің замандасы, сөз бастаған шешен, ел басқарған көсем Тәттібайұлы Қарымбай әулиенің (1732–1822 жж.) жатқан зиратының үстіне 2002 жылы шығыстық сәулет өнерінің үлгісінде бой көтерген кесенесі де облыс тұрғындары арасында кеңінен танымал (4-сурет). Ораз ауызды, от тілді шешен, ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермейтін айтулы би аса ділмарлығымен де ерекшеленген. Бұл қасиетін жоғары бағалаған ақын Сара кітабында былай деп жырға қосқан екен:

«Балпық пен Ескелдідей кемеңгер де,
Айтудан сөзге жүйрік тереңдер де.
Ақылмен хан, төрені бағындырған,
Қадірлі Қарымбайдай кемеңгер де» - депті. («Қош бол, елім», 121-бет) [8].



4-сурет – Қарымбай әулие кесенесі

Қарымбай атақты би, батыр болуымен қатар көріпкелдік қасиеті бар, әулие де болған. Жерлестері жол сапарына шығар сәтте Қарымбай әулиеге сәлем беріп, дастарханынан дәм татып, батасын алып аттанады екен. Қазіргі таңда да бұл дәстүрді тұрғылықты тұрғындар кесене басына барып, құран оқып жалғастыруда.

Ескелді би кесенесінен бастау алатын бұл қажылық маршрут Қаратал ауданында орналасқан Жолбарыс батырдың зиратының үстіне орнатылған кесенеге дұға етумен аяқталады. Биыл 350 жылдығы атап өтілген Жылқайдарұлы Жолбарыс би «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдары Іле мен Қаратал өзендерінің аралығында жоңғарлармен болған шайқастағы ерлігімен, шешендік болмысымен ел есінде қалған тарихи тұлға. Ел аузындағы аңыздарда Жолбарыс би денесіне қаруын дарытпаған батыр, әрі ертеңгі күнді болжай алатын сәуегей, қара қылды қақ жарған би ретінде сипатталады [9].

Аңыз бойынша, Жолбарысты құрсағында көтерген анасы түсінде ақбасты ақсақалдың баласының атын Жолбарыс қобға шақырғанын көреді. Босанғаннан кейін ол бұл есімнің мағынасын түсінеді: ұлының арқасында үлкен меңі бар болады, бұл Алланың «таңбасы» саналған. Жұрт Жолбарысқа Шұбар-ата деген лақап ат қойған. Ол көрегендік дарынымен би атанып, Ескелді, Балпық, Қабліса билермен иық тіресе жоңғарлардан туған жерді қорғаған [7, 129-б.]

Батыр, әулиенің 350-жылдығына орай Алматы қаласында «Рухани жаңғыру» аясында Қазақстан, Қытай, Түркия, Өзбекстан мемлекеттерінің білді ғалымдары мен тарихшылары жиналған ғылыми-практикалық конференция өтті. Зират басына тұрғызылған кесенесі қайта жөндеуден өтіп, келушілердің назарына ұсынылған болатын (5-сурет).



5-сурет – Жолбарыс батырдың қайта жөндеуден өткен кесенесі

Жалпы, өзіндік архитектуралық ерекшелігі бар кесенелер мен мавзолейлер ғылыми қызығушылық туғызып қана қоймай, өңірдің киелі жерлерінің географиясын байыта түсері анық. Бабаларды қадірлеу өткенді көксеу емес, баяғының қадірлісін құрметтеу, ал құрметтей білмеген елде болашақ та жоқ демекші, жаңғыруы тиіс оқиға көп, есімі қайта жандануы керек тарихи тұлға да мол. Халқымыздың рухани мұрасы әр кез ақтарылып, қаншама аударылса да қалтарыста қалған қазына, шертілмей келген шежіре, байқалмай қалған байлық бар. Яғни, әр дәуір әр кезеңнің шежіресін жасайтыны белгілі.

Қорытынды

Бүгінгі жаһандану заманында жат идеологиялардың әсеріне өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз. Бұл ретте, қоғамдық сананы жаңғырту аясында осы сынды «сакралды» және «рухани» турлар өзекті болып табылады. Себебі, діни орындарға бару экскурсиялық, діни және қажылық мақсаттармен жүзеге асырылады, ал нәтижесінде – жас және аға ұрпаққа діни ағартушылық, патриоттық тәрбие беріледі. Жалпы, облыс аумағында киелі туризмді дамыту қажеттілігі оның бай әлеуетімен және бірінші кезекте материалдық емес игіліктер ұсынумен, халықтың мәдени деңгейін қалыптастырумен және қолдаумен, қоғамдағы қандай да бір әлеуметтік-психологиялық шиеленісті төмендетумен, аумақтың туристік тартымдылығын жақсартумен, жұмыс орындарын құруға оң ықпал етумен, инфрақұрылымдық қамтамасыз етуді жақсартумен байланысты бірқатар мәдени-рухани міндеттерді шешуге оң ықпалын тигізетіндігіне сенім мол.

Жоғарыда баяндалған өлкенің қасиетті саналатын мекендеріне жүргізілген зерттеулердің нәтижесін қорытындылай келе, алдағы уақытта басымдықтарды келесі мәселелерге бағыттау орынды болар еді:

- біріншіден, ақпараттық-анықтамалық жүйе құру, жолсілтемелерді, осы өңірдің киелі объектілерінің туристік карталарын шығару;
- екіншіден, «Tarihi jol» мобильді қосымшасына мақалада атап өтілген өзге де әулиелер туралы толыққанды ақпарат енгізу;
- үшіншіден, әр нысананың қабырғасына ілінген, кесене туралы ақпарат беретін QR-код тақтайшаларын жаңарту;
- төртіншіден, айтылған бабалар кесенелеріне туристік маршруттар әзірлеу;
- бесіншіден, ұлттық, өңірлік және жергілікті сипаттағы басқа да іс-шараларды өткізу арқылы киелі туристік өнімдерді ілгерілету.

Аталған басымдықтарды шешу – жас ұрпақты өлкеміздің тарихын мақтан етуге, мұраларымызды қастерлеуге, отансүйгіштікке тәрбиелеп, отандық және шетелдік туристерді тарихи мұраның бірегей объектілеріне тарту ғана емес, ол сондай-ақ танымдық немесе ғылыми қызығушылық туғызуына септігін тигізетіні сөзсіз.

Яғни, аймақтың бай тарихын, аймақта өмір сүрген белгілі жазушылардың, ақындардың, философтардың, дін қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығын ескере отырып, бірегей мәдени және діни көрікті жерлердің әлеуетін ашу, туристік инфрақұрылымды және туристік қызметтерді дамыту – туристерді Алматы облысы аймағына тартуға, оның әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін жақсартуға, халықты дәстүрлі құндылықтармен таныстыруға, патриотизм мен гуманизмге, жеке тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеуге негіз болатынына күмән жоқ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тоқтарбай Е., Толымбекұлы Е. Жетісу өңірінің аңыз-әңгімелері. Тарихи-танымдық толғаныстар. – Алматы: Баянжүрек, 2020. – 186 б.
2. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. [Электронды ресурс]. URL: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
3. «Қазақстанның киелі жерлер географиясы» жобасына енгізілген нысандарды іріктеудің ғылыми негізделген критерийлері: Ұжымдық монография / З.Е. Қабылдиновтың жалпы редакциясымен. – Алматы: Атамұра, 2017. – 260 б.
4. Афанасьев О.Е., Афанасьева А.В. Религиозный туризм как тренд мировой и российской туристической индустрии: концептуальная сущность и модели развития // Современные проблемы сервиса и туризма. – 2019. – Т.13. – №3. – С. 7–27.
5. Исмаилов О. Ел жүрегіндегі Ескелді би (аңыз, әңгіме, деректер). – Алматы, 2006. – 384 б.

6. Қонысұлы Қ. Айтұ би кесенесі // Алматы ақшамы. IV-VII, 1997 ж.
7. Байтақ елдің Балпығы: Тарихи тұлғалар жайлы мақалалар мен толғаулар, арнау өлеңдер. – Алматы: Баянжүрек, 2019. – 336 б.
8. Байтанаев Б.А. (ред.) Сакральная география Казахстана. Выпуск 1. Реестр объектов природы, археологии, этнографии и культовой архитектуры. – Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2017. – 904 с.
9. Қараман Қ. Қарымбай әулие // Жұлдыз. – 2005. – №4. 197-204.
10. Жолбарыс батыр кесенесі // Алматы ақшамы. IV-VII, 1997 ж.

REFERENCES

1. Toktarbay E., Tolymbekuly E. Zhetisu onirinin anyz-angimeleri. Tarihi-tanymdyq tolqanystar [Legends and stories of the Zhetysu region. Historical and educational events]. – Almaty: Baianzhurek, 2020. – 186 b. [in Kazakh]
2. Nazarbaev N. Bolashaqqa bagdar: ruhani zhangyru [Looking to the future: modernization of public consciousness]. [Elektrondy resurs]. URL: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
3. «Qazaqstannyn kieli zherler geografiiasy» zhobasyna engizilgen nysandardy irikteudin gylimi negizdelgen kriteriileri: Uzhyndyq monografiia [Scientifically based criteria for selecting objects included in the project “Sacred geography of Kazakhstan”] / Z.E. Qabyldinovtyn zhalpy redakciiasymen. – Almaty: Atamura, 2017. – 260 b. [in Kazakh]
4. Afanasev O.E., Afanaseva A.V. Religiozniy turizm kak trend mirovoi i rossiiskoi turindustrii: konceptualnaia sushhnost i modeli razvitiia [Religious tourism as a trend in the world and Russian tourism industry: conceptual essence and development models] // Sovremennye problemy servisa i turizma. – 2019. – T.13. – №3. – S. 7–27. [in Russian]
5. Ismailov O. El zhuregindegi Eskeldi bi (anyz, angime, derekter) [Eskeldy Bii in the heart of the country (legends, stories, facts)]. – Almaty, 2006. – 384 b. [in Kazakh]
6. Aitu bi kesenesi [Mausoleum of Aitu bii] // Almaty aqshamy. IV-VII, 1997 zh. [in Kazakh]
7. Baitaq eldin Balpygy: Tarihi tulqalar zhaily maqalalar men tolqaular, arnau olender [Balpyk of a large country: articles and reflections about historical figures, poems of dedication]. – Almaty: Baianzhurek, 2019. – 336 b. [in Kazakh]
8. Baitanaev B.A. (red.) Sakralnaia geografiia Kazahstana. Vipusk 1. Reestr obektov prirody, arheologii, jetnografii i kultvoi arhitektury [Sacred geography of Kazakhstan. Issue 1. Register of objects of nature, archeology, ethnography and religious architecture]. – Almaty: Institut arheologii im. A.H. Margulana, 2017. – 904 s. [in Russian]
9. Qaraman Q. Qarymbai aulie [Karymbay Aulie] // Zhuldyz. – 2005. – №4. 197-204. [in Kazakh]
10. Zholbarys batyr kesenesi [Mausoleum of Zholbarys Batyr] // Almaty aqshamy. IV-VII, 1997 zh. [in Kazakh]